

DamuMed мобильдік қосымшасының мүмкіндіктері зор

Жақында Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының жеке құрамына жауынгерлік және қызметтік сабағының шеңберінде Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының өкілдері DamuMed мобильдік қосымшасының мүмкіндіктері туралы түсіндіру жұмысын өткізді.

DamuMed мобильдік қосымшасы – бұл емделушінің өзінің тіркелген медициналық ұйымында дәрігерге өзін және өз отбасының мүшелерін жазу, немесе дәрігерді үйге шақыру және де медициналық құжаттарын көруге арналған мобильдік жеке кабинеті.

Түсіндіру жұмысының барысында Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары Жауков Абат Бекболатұлы Академияның жеке құрамына DamuMed мобильдік қосымшасын қолдану тәсілін видео-ролик арқылы көрсетті. Сонымен қатар, Академия жеке құрамына Басқарма өкілдеріне өзекті сұрақтар қою мүмкіндігі туды.

DamuMed мобильдік қосымшасын енгізу медициналық ұйымдарындағы үлкен кезектерді азайтуға мүмкіндік береді. Аталған мобильдік қосымшасын «ДАМУ» ақпараттық технологиялар орталығы әзірлеген. DamuMed-тың басымдылығы – бұл дәрігерлердің және емделушілердің уақытын үнемдеу.

Дана ӘЛЖАНОВА,
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы тәрбие жұмысының инспекторы полиция аға лейтенанты

Әлемдегі қариялардың саны артып келеді

Баршаға белгілі, 1 қазан күні Біріккен ұлттар ұйымы Халықаралық қарттар күнін атап өтеді. Әлемде жасы 60-тан асқан қариялардың саны 1995 жылы 542 миллион болса, 2025 жылы шамамен 1,2 млрд-қа жетіп, екі есеге артады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі БҰҰ ресми сайтына сілтеме жасап.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, баланың аз туылуы және халық арасындағы өлім-жітімнің азаюы әлемдегі демографиялық ахуалды айтарлықтай өзгертіп жіберген. Бүгінде әлем «қартайып» жатыр. Қарттардың саны артып, балалар мен жастардың үлесі қысқаруда. 2015-2050 жылдары әлемде 65 жастағы және одан үлкен кісілердің саны 2,5 есе өсіп, 1,6 миллиардқа жетеді деген болжам бар.

«Жастар және бүгінгі күні билікте отырған адамдар бір күні өздері де қартайатынын естен шығармағаны абзал. Олар келешекте өздеріне қандай өмір тілесе, бүгіннен бастап қарттарға сондай жағдай жасауға кіріскені жөн», - дейді БҰҰ қарттар құқығы жөніндегі арнайы баяндамашысы Роза Корнфелд-Матте.

БҰҰ арнайы баяндамашысы аға ұрпақ та қоғамның толыққанды мүшесі екенін, сондықтан олар да құр отырмай, өздерінің игілігіне тікелей қатысы бар шараларды құруға және іске асыруға белсене қатысуға тиіс екенін атап өтті. Олар сонымен қатар, өз білімі мен өмірлік тәжірибесін жастармен бөлісіп, өз құқықтарын толығымен пайдалануға мүмкіндік алуы керек дейді ол.

Еске сала кетейік, 1980 жылы жасы 60-тың үстіне шыққан ғалам тұрғындарының саны бүкіл халықтың 6 пайызын ғана құраған еді. Ал 2050 жылы бұл көрсеткіш 16 пайыздан асады деп күтілуде. Еуропада 2015 жылдың өзінде 65-тен асқан қариялар бүкіл халықтың 18 пайызын құраған болатын. Ал өткен жылы Солтүстік Америкада бұл көрсеткіш 15 пайыз болды.

Халықаралық қарттар күні 1991 жылы БҰҰ Бас ассамблеясының 45-сессиясында белгіленген, содан бері жыл сайын атап өтіледі.

Агенттіктің аппарат басшысы - Қостанайда

Үстіміздегі жылғы 24 қыркүйекте Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аппарат басшысы Саян Ахметжанов Қостанай облысына жұмыс сапарымен келді.

Сапар аясында С. Ахметжанов Қостанай облысы әкімінің бірінші орынбасары, облыс әкімі мен облыстың аудан, қала әкімдері және облыстық әкімдік мекемелері басшыларының қатысуымен кеңейтілген кеңес өткізді.

Кездесу барысында мемлекеттік қызмет саласындағы өзекті мәселелер, мемлекеттік қызметшілер үшін жаңа жүйені енгізу мәселелері, мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың бизнес-процестерін оңтайландыру мәселелері талқыланды.

«Development day» пікірталас алаңында аппарат басшысы С.Ахметжанов Қостанай облысының

мемлекеттік органдарының кадрлық қызметтері өкілдерімен, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Қостанай филиалының тыңдаушыларымен кездесті.

«Қазіргі уақытта Агенттіктің қызметтік міндеттерін сөзсіз және толық орындау үшін жеткілікті материалдық жағдайларды қамтамасыз ету, адал және белсенді жұмысқа, атап айтқанда, жұмыс істеуге ынталандыру үшін қызметкерлерге, пилоттық режимде төленетін факторлы-балдық шкаласы қолданылады» - деді С.Ахметжанов.

Агенттік өкілінің жұмыс сапары «Жемчужина» клиникасына бару арқылы жалғасты, онда мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған медициналық орталық ашылды, мемлекеттік қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне кепілдік берілген медициналық көмек көрсетілді.

Бұдан басқа, Агенттік аппаратының басшысы «Protecting business and investments» жобалық кеңсесінің базасында азаматтарды жеке қабылдады.

Келушілердің өтініштері негізінен мемлекеттік қызметшілерге сыйақы берудің жаңа жүйесін енгізу, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлықтың этикалық нормалары туралы болды.

Сонымен қатар, Агенттіктің аппарат басшысына өздерінің іскерлік әрекеттері туралы түсінік алғысы келетін кәсіпкерлер жүгінді.

Келушілерді тыңдағаннан кейін Саян Ахметжанов олардың әрқайсысына түсініктеме берді және шешімдер қолданыстағы заңнама аясында қабылданатындығын түсіндірді. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілердің салауатты өмір салтын қолдауы, басты басымдықтардың бірі болды.

«Туған тілдің тұғыры» атты ән-жыр кеші

27 қыркүйекте Академияда Қазақстан халықтарының тілдері күні мерекесі аясында мемлекеттік тіл бөлімшесі және тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Туған тілдің тұғыры» атты ән-жыр кеші болып өтті.

Кештің мақсаты: курсанттардың туған елге, туған жерге, туған тілге деген ыстық ұя махаббаттарын оятып, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңыздылығын, жастар арасында қазақ тілін кеңінен қолдануды насихаттау, өзге ұлт өкілдерін мемлекеттік тілді үйренуге ынталандыру. Аталған іс-шараға Академия бастығының орынбасары, ұйымдастырушы бөлім, 1-курс курсанттары қатысты. Кешті Андрейчук Ольга (3 курс) «Ұлт көсемі» атты әнімен ашып, қазақ тіліне деген құрметін білдірді. Күндізгі оқыту факультетінің 1-4 курс курсанттары ән мен өлеңдерін, би және көңілді әзілдерін көрермен назарына ұсынып кешті жалғастырды. Сәрсенәлі Рүстем мен Ерболат Лашын «Мама», Аманжолова Зибәгул



«Алтын бесік», Құмарбек Нұрай мен Мұратбекова Әйгерім «Қазағымның қыздары», Әмірханов Темірлан мен Тұрсын Ерсіні «Мен қазақпын» атты әндерімен көрермендерді бір желпіндіріп тастаса, 4-курс курсанты Тұрсынбай Думанжан өз шығармашылығын тарту етті. Сондай-ақ, бұл кеште полиция аға лейтенанты Асқар Қуанышұлы «Жігерлендіру» өлеңін нақышына келтіріп оқып, курсанттарға патриоттық көңіл-күй сыйлады. 2-курс курсанттары сахналық қойылым қойып, бабаларымыздың даналығын, ұлылығын ұлықтады. Лашын Ерболат өз шығармашылығынан «Туған тілдің тұғыры» термесін орындап, кештің мәнін ашты. 1-курс курсанттарынан құрылған бишілер тобы «Қара жорға» биін нақышына келтіріп билесе, 2-курс курсанттары күй атасы Құрманғазының «Адай» күйін тебіреніп орындады, ал 4-курс курсанттары өздерінің көңілді әзілдерімен көрермендердің езуіне күлкі үйірлікті. Кеш соңында көрермен 1-курс курсанттарының рухани байлығы қаншалықты мол екендігін білмек ниетте,

мақал-мәтелден жарыс өткізілді. Жеңімпаз курсантқа сыйлық та берілді. Кешті күндізгі оқыту факультетінің 2-курс курсанттары Ерболат Лашын мен Кусаинова Айнұр әсерлі жүргізді. Іс-шараны Сәрсенәлі Рүстем, Әмірханов Темірлан, Сыздықова Дина, Мұратбекова Әйгерім «Жаса Қазақстан» әнімен жапты.

Кештің қорытындысында Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Ербол Төлегенұлы Қаппасов ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ұласқан ата-баба аманаты – тілдің мәртебесі, мемлекеттік тілдің әртүрлі ұлт өкілдерін бір мүддеге тоғыстыруда, халықтар арасындағы татулық пен достастықты нығайтуда алатын орны жөнінде айта келіп, курсанттарды атаулы мерекелермен құттықтады.

«Туған тілдің тұғыры» атты ән-жыр кеші қызықты әрі тартымды өтті.

ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының мемлекеттік тіл бөлімшесі

Жалған ақпарат таратқандар жазаланады

Ағымдағы жылдың басынан бері жалған ақпарат таратудың 46 фактісі тіркелді. Мұндай құқық бұзушылық жасағандар ауырлығына байланысты 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Бұл туралы жақында қткен брифинг барысында ҚР ІІМ ресми өкілі Алмас Садубаев айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Ағымдағы жылдың басынан бері ішкі істер органдары қасақана жалған ақпарат таратудың 46 фактісін тіркеді. Мұндай құқық бұзушылық үшін оның ауырлығына байланысты айыппұл салудан бастап 5 жылға бас бостандығынан айыруға дейін жаза көзделген», - деді ресми өкіл.

Осы ретте Алмас Садубаев әлеуметтік желіде тарап, халықтың арасында үлкен аландаушылық туындатқан бірқатар хабарламаға тоқталды. Атап айтқанда, бүйректері кесіп алынған екі баланың мүрдесі

табылғандығы туралы ақпаратты таратқан адамдар оның суретін де қоса жіберген және Қазақстанда ағзаларын сату үшін балалар ұрланады деп халықты сендіруге тырысқан. Алайда, дәл мұндай ақпарат 2013 жылы өзбекстандық БАҚ-та таралған болатын.

«Білім беру қызметкерлерінің атынан мектептерде белгісіз адамдардың кәдімгі конфет түріндегі «Бүлдірген» деп аталатын есірткі заттарын таратқандығы туралы ақпарат та қоғамда үлкен дүрбелең туғызды. Бұл ақпарат та өтірік және ол өткен жылдары әлемнің көптеген елдерінде түрлі тілде тараған болатын. Осыған байланысты мұндай өсектерге ермеуге, тексерілмеген немесе күдік тудыратын ақпараттарды таратпауға шақырамыз. Өйткені, бұл қылмыстық жазалануға алып келеді», - деді ресми өкіл.

«Көп жағдайда азаматтар бір-біріне тексерілмеген ақпараттарды жіберіп жатады. Алмұның соңында үлкен

қоғамдық дүрбелең туғызатыны да бар. Мәселен, Астана қаласының ішкі істер департаменті екінші деңгейлі банктердің бірінде алдағы уақытта дефолт болады деген жалған ақпаратты WhatsApp арқылы тарату фактісін тергеуде. Қазіргі уақытта оны таратуға қатысы бар Алматы, Шымкент қалаларының және Алматы облысының үш тұрғыны анықталған. Олар ақпараттың сенімділігіне көз жеткізбестен және банк саласының маманы еместігіне қарамастан WhatsApp арқылы түрлі топтарға хабарлама жіберген», - деді ол.

Естеріңізге сала кетсек, біраз уақыт бұрын «Цеснабанк» АҚ қаржылық ахуалы нашарлағандығы туралы жалған ақпарат тараған болатын. Осыған орай аталған қаржы институты ҚР ІІМ Тергеу департаментіне жүгініп, ҚР Қылмыстық кодексінің 274 бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілген еді.

Діни сауаттылық кім-кімге де қажет

Адамзаттың саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани жағдайына әсер етіп отырған діни экстремизм мен терроризм ХХІ ғасырдың ең бір өзекті мәселелерінің біріне, тіпті қауіпті дертке айналып отыр десек, артық айтқандық болмас.

Қазіргі таңда діни лаңкестік бір ғана аймаққа, бір ғана мемлекетке тән құбылыс емес. Әлемдік дәрежеде лаңкестікке апаратын экстремизмнің алуан түрлері жалғаса түсуде. Өртүрлі ұйымдар осыны пайдалану арқылы саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда.

Бүкіл әлемде орын алып отырған дінді пайдаланып экстремизм мен терроршылдықтың саяси-әлеуметтік негіздерін зерттеу өте өзекті мәселе. Негізінде, дінге байланысты экстремизм мен террор кеше мен бүгін ғана пайда болған құбылыс емес. Оның ертеден келе жатқан тарихи тамырлары бар. Сондықтан «діни экстремизм»,

«исламдық радикализм» туралы әлемдік ақпарат құралдарындағы құбылыстарда ғылыми дәлелдемелер жетіспейді, оны бағалауда біржақтылық басым.

Айта кетер бір жағымды жәйт, еліміз тәуелділік алғалы діннің дамуына кең жол ашылды. Экстремизмнің негізінде адамдардың табиғи мүдделерінің қажеттіліктері: экономикалық, әлеуметтік, этникалық және конфессияаралық қарама-қайшылықтары жатыр. Бұл мүдделердің, қарама-қайшылықтардың көлемі әртүрлі болуы мүмкін: жеке тұлғаның бүкіл қоғамға қарсы тұруынан бастап, бүкіл мемлекеттік жүйелердің қатал тайталасымен аяқталады. Қандай да бір себептермен мүдделері сақталмай қалған жағдайда тайталас екі жақтың бірі өздерінің саяси, діни, этникалық, тағы басқа мәселелерінің шешімін табу үшін шектен шыққан әдістерге көшуі мүмкін.

Бүгінгі күнде осындай маңызға ие діни сауаттылық бағытындағы мәселелерді талқылау үшін Академияның КОФ 2-курс курсанттары Қостанай облысы әкімдігі жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы ұйымдастырған атуалы



семинарға қатысып, сертификаттарға ие болды.

Дін-адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды бөлшегі. Дін арқылы адамдар арасындағы рухани байланыстан, ұлтаралық келісім мен қоғамның беріктігі, адами құндылықты, салт-дәстүрді сақтаудың ең жақсы мүмкіндігін көре білуіміз қажет. Ұлттық мәселелердің дұрыс шешілуі Қазақстанның халықаралық қауымдастықта лайық орынға ие болуына, әлемдік өркениеттің көкжиегінен орын алуға мүмкіндік береді. Бұл туралы кеңінен мағлұматты болу болашақ тәртіп сақшылары, елдің тыныштығын қорғаушылар үшін аса маңызды болса керек.

Д. ТОЙМАТАЕВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
ӘГП кафедрасының бастығы
полиция полковнигі



Еліміздегі ең үздік жол полицейі анықталды

Астанада Ішкі істер министрлігі ұйымдастырған «Үздік маман» жол-патруль қызметкерлері байқауы қорытындыланды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Қоғамдық тәртіпті күзету және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету - ішкі істер органдарының басым міндеттерінің бірі. Бұл міндеттерді іске асыруда жергілікті полиция қызметі, соның ішінде жол-патруль полициясы саптық бөліністері үлкен рөл атқарады. Аталған байқау осымен үшінші рет өткізіліп отыр. Бұл жолы да

қызықты, өзара бәсекелестік күрес негізінде өрбіді.

Байқауда қызметкерлер өздері күнделікті жұмыс барысында тікелей қолданатын немесе қолдануы мүмкін 12 негізгі аталым бойынша бақ сынады. Бұл - нормативтік-құқықтық актілерді білуі, атыс қаруы және қызметтік әзірлік теориясы, атыс қаруы бойынша практикалық сынақ, дене дайындығы, күрестің әскери тәсілдері, саптық байқау, әкімшілік практика, алғашқы медициналық көмек көрсету практикасы, жоғары белсенді қозғалысы бар жол қиылыстарында қозғалысты

қолмен реттеу практикасы, сондай-ақ көлікпен (жеңіл, жүк көлігі және мотоциклде) жылдамдыққа маневрлар жасау сияқты сынақтар.

Байқауды өткізу барысында барлық қатысушылар жоғары нәтиже көрсетті. Әйтсе де, байқаудың аты - байқау, онда жеңімпаздар мен жеңілгендердің болуы заңды. Сонымен, республикалық байқаудың қорытындысы бойынша жол-патруль полиция қызметкерлері арасында бірінші орынды Шығыс Қазақстан облысы ІІД ЖПҚ ЖПП батальоны қызметінің инспекторы,

полиция лейтенанты Дастан Ошабаев иеленді, екінші орынға Астана қаласы ІІД ЖПП полкі қызметінің инспекторы, полиция лейтенанты Алдияр Жарылғасынов лайық деп танылды. Ал үшінші орынды Алматы қаласы ІІД ЖПП полкінің полицейі, аға сержант Бағдат Ашеков қанжығасына байлады.

Еліміздегі ең үздік жол полицейі анықталды Еске сала кетейік, республикалық байқау 24 қыркүйек күні басталған болатын. Оған барлық өңірден 17 полиция қызметкері қатысты.

inform.kz

Жүгіру – денсаулыққа пайдалы

«Жемчужина Стомед» клиникасы Қостанайда жеңіл атлетикадан қайырымдылық марафонын өткізді. Жеңіс саябағында өткен марафонға 1600-ден астам спортшы қатысты.

«Біз бұл марафонға бір жыл дайындалдық. Жарыстың нәтижесін автоматтандырылған электрондық уақыт жүйесі арқылы анықтайтын боламыз», – деді жарыстың негізгі ұйымдастырушысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Маргарита Клименко.

Жартылай марафонның басты

мақсаты – обыр дертімен күресіп жатқан Татьяна Васильченконың емделуіне қаражат жинау. Ол қазіргі уақытта Мәскеу қаласында ем алууда.

Марафонның салтанатты ашылуына Азия, Африка, Австралия және Американың ең үлкен шөлдерін жүгіріп өткен адамзат тарихындағы алғашқы және жалғыз спортшы, аты аңызға айналған қазақстандық марафоншы Марат Жыланбаев қатысты.

«Жүгірудің пайдасы ұшан-теңіз. Себебі, бұлшық еттердің 85 % жұмыс істейді. Егер жаттығу дұрыс болмаса,

ол денсаулығыңызға кері әсер етуі мүмкін. Жүгіріс дәрі-дәрмек сияқты, ол емдейді. Сондықтан да, оған үлкен жауапкершілікпен қарау қажет. Менің ойымша, жүгірісті бала кезден бастау керек. Өз басым 1000-нан астам адамды үйреттім», – деді Марат Төлегенұлы.

Жарысқа қатысушылар 400 метр қашықтықты жүгіріп өтті. Қыздар арасында Милан Кулаева, ұлдар арасында Денис Тихонов бірінші болып келді. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталып, оларға бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Халықпен жиын өткізілді

Қостанай станциясындағы ІІЖБ Тобыл ст. ЖПБ Әкімшілік полиция тобының инспекторы полиция лейтенанты М.К Нұрғалимов Железородная станциясындағы ПЧУ-5 бастығы К.А. Жұмағұловпен, Железородная станциясындағы ПЧУТ-5 бастығының орынбасары Т.К. Мукановпен бірге Қостанай облысының Железородная станциясындағы тұрғындарымен жиын өткізді.

Кездесу барысында тұрғындарға

малды бағу және темір жолдарынан малды айдап өту ережелері, жолаушылар мен жүк поездарының шұғыл және қызметтік тежеудің алдын алу мәселелері қаралды.

Тобыл ст. ЖПБ Әкімшілік полиция тобының инспекторы полиция лейтенанты Нұрғалимов Мақсат сөз сөйлеу барысында малды бағу ережелері бұзылған жағдайда, мал иелеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік айыппұл салынатынын түсіндірді.

Тұрғындарға олардың жауапкершіліктерінен поездардың жүру қауіпсіздігі, темір жол мүлігінің және тасымалданатын жүктердің сақталуы, азаматтардың жеке қауіпсіздігі байланысты енені айтып естеріне салды. Қатысушыларға профилактикалық брошюралар ұлестірілді.

Сондай-ақ, мектептерде профилактикалық дәріс оқылды.

Қостанай ст. ІІЖБ
Мемлекеттік тіл және ақпарат
тобы

Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз!

Қазан айында Мұғалімдер күні аталып өтетіні баршаға мәлім. Осы орайда біз де тілегімізді газет арқылы жолдауды жөн көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының бастығы Гүлмира Тухасовна Кужабаевнаны және ғылыми және педагогикалық Магистратураның әдіскерлері: Мереке Шайкеновна Ғалиеваны және Гулизат Шөптібаевна Едресованы қазан айында аталып өтетін «Мұғалімдер Күнімен» шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздердің көңілдеріңіз әр магистранттың жандүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Оқытушылардан өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Магистратураның жүрегі», «Магистрант жанының бағбаны» ... Иә, бұл магистратура оқытушы-әдіскерлері – ұстаздарға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.

ҚР ІІМ Академиясы Ғылыми және педагогикалық магистратураның 1-курс магистранттары

«Қазақшаңыз қалай?» танымдық ашық сабағы өтті

«УК-161/4 мекемесі» және «Әуликөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі арасында өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойылған болатын.



Мәдениет және өнер мекемелерінің арасындағы мемлекеттік қызметестікті дамыту, бас бостандығынан айыру жерлерінде ұсталатын сотталғандармен халықтардың тарихи жадын, ұлттық мәдениеттерді дамыту, этностық мәдениеттерді өзара байыту, ұлтаралық қатынас мәдениетін тәрбиелеу мақсатымен жасасылған өзара іс-қимыл туралы Меморандумға сәйкес 25 қыркүйекте мекемеде «Әуликөл ауданы әкімдігінің аудандық тілдерді оқыту орталығының» директоры Нұрлыбек Мағауиұлы Игілік, мұғалім Гүлмира Тайтілеуова келді.

Сотталғандардың түзелуіне, заңдардың талаптарын сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамға пайдалы қызметпен айналысуға, білім деңгейі мен мәдени деңгейін арттыру, сонымен қатар қазақ тілін дамыту, кеңінен қолдану мақсатында «Қазақшаңыз қалай?» атты тақырыбында танымдық ашық сабағы өткізілді.

Сабақ барысында сотталғандарға И.М. Игілік мырза алдымен 2017 жылдың 26-шы қазанында ҚР Президентінің №569 Жарлығымен бекітілген қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиі туралы қысқаша айтып өтті. Кейін Г.Тайтілеуова ханым сабақтың мақсатын түсіндіріп, «Сөздер сөйлейді, Аудармашы, Өнерпаз болсаң... Сен білесің бе?, Кім жүйрік?» тақырыптарында тапсырмалар ұсынып, презентациялар көрсетті. Сотталғандар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, белсенділіктерін танытты.

Н. БӨСТЕКБАЕВ,
Сотталғандар арасындағы тәрбие және әлеуметтік психологиялық жұмысы жөніндегі бөлімінің бастығы әділет аға лейтенанты

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru